

	Шымкент университеті
Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды оқуға кабылдау туралы ереже	
	беті. 1 из 53



**САПА МЕНДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ  
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ  
ШУ ҮЕ 01-32-2023**

Қызметі	Қолы	A.Ж.Т.
<b>Келісілді:</b> Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор Стратегиялық даму және ішкі сапанды қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Керімбекова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Айдарова А.А.
<b>Әзірлеген:</b> Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы		Джанабаев Д.Ж.
Күжаттың жарамдылық мерзімі: <u>«27» 10 2023ж.</u> <u>«27» 10 2026ж.</u> Дейін ұзартылды: «___» ____ 20 ____ г.	Енгізілді: <u>№ 36-44</u> бұйрық Енгізілген күні: <u>«27» 10 2023ж.</u>	ШУ ҮЕ 01-32-2023 Басылым 2 Тіркеу № 33 Көшірме № 1



## Мазмұны

1. Қолдану саласы
2. Сілтемелік күжаттар
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар
4. Білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау
5. Білім алушыларды жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау
  - a. қосымшасы Танысу парагы
  - b. қосымшасы Өзгерістер парагы

	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 3 из 53</p>
--	--	----------------------

## 1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Білім алушыларды окуға қабылдау ережесі (бұдан әрі қарай –Ереже) Шымкент университетіндегі (бұдан әрі қарай – Университет) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдармаларына талапкерлерді окуға қабылдаудың талаптары мен тәртіптерін анықтайды.

1.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарына (бұдан әрі –ЖЖОКБҰ) адамдарды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау және мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен окуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

1.3 Ереже - Шымкент университетінің сапаны ішкі қамсыздандыру жүйесін қалыптастыратын, барлық құрылымдық бөлімдер талаптарын орындауы міндетті ішкі нормативтік құжат.

## 2 СІЛЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР

2.1 Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 04 шілдедегі № 171-VI Заңымен өзгерістер енгізілген Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы.(**ҚР 07.07.2020 № 361-VI бұйрығымен өзгерістер мен толықтыруларымен**)

2.2 **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы.** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы. (ҚР Білім және ғылым министрінің 28.05.2021 № 22861 бұйрығымен өзгерістермен толықтыруларымен)

**ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2.3 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (28.05.2021.берілген өзгерістермен)

2.4 Басқа нормативтік құқықтық актілерін;

2.5 Университеттің Академиялық Саясатын;

## 3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ШУ- Шымкент университеті

ҰБТ-ұлттық бірыңғай тест

КТ- кешенді тест

ЖЖОКБҰ- жоғары, жоғары оқудан кейінгі білім ұйымдары

ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің

ТХ-техникалық хатшы



## 4. ПРОЦЕДУРАНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

### 4.1 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУБАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ

#### 4.1.1 Жалпы ережелер

4.1.1.2 Университетке жалпы орта, техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

4.1.1.3 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және көсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижесі бойынша:

– ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 50 балл және "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл;

басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл және "Құқық" даярлау бағыты бойынша – кемінде 75 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндері бойынша және (немесе) шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл, ал Оқу сауаттылығы мен Математикалық сауаттылықтан кемінде 3 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және көсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады.

Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

4.1.1.4 Шет тілін (ағылшын) менгергенін раставтын:

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аза Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 5 из 53</b>
--	---	----------------------

қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырған және бір мезгілде жоғарыда көрсетілген шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда ҰБТ сертификаты үшін шет тілі (ағылшын тілі) балдарының ең жақсы нәтижесі ескеріледі.

SAT (ЭсЭЙТИ – CAT), ACT (ЭйСиTi), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

**Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 № 237; жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

4-2. Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде менгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Үлгілік қағидаларға 2-2-қосымшада белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да "Қазақ тілі " бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

**Ескерту. Қағидалар 4-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4-3. "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы Үлгілік қағидаларға 2-3-қосымшада белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады.

**Ескерту. Қағидалар 4-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін колданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

ЖЖОКБҰ Заңын 43-1-бабы 2-тармағының 6) тармақшасына сәйкес Заңын 26-бабының 8 және 9-тармақтарында көрсетілген түсушілерді қоспағанда, қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және (немесе) даярлық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып, түсушілер үшін өту балын айқындайды.

Қосымша емтиханға қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны Университетке өткізуі 01 шілде мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Түсушілер осы ереженің 4.1.1.3тармағында белгіленген балдарға сәйкес мәлімделген Университетке қосымша емтиханға қатысуға өтініш береді.

Түсуші қосымша емтиханнан өткен және (немесе) Университет белгілеген шекті өту балын жинаған жағдайда Университетке қабылданады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.1.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар ЖЖОКБҰ-ға қысқартылған



оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде оқуға түсушілерді қабылдауды ЖЖОКБҰ-лардың қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

ЖЖОКБҰ-ға жоғары білімі бар адамдарды қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларына ақылы негізде қабылдауды ЖЖОКБҰ-лардың қабылдау комиссиялары жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде жжокбұ-ның қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және қосыптық, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде күнтізбелік жыл ішінде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.1.5 Шетел азаматтарын білім беру гранты негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық Университетке қабылдауды Университет дербес жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке қабылдау Университеттің қабылдау комиссиялары өткіzetін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеле сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Бұл ретте шетелдік азаматтарды білім беру гранты және ақылы негізде қабылдауды Заңның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен Университеттер жүзеге асырады.

4.1.1.6. Университетке түсушілерді қабылдау "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандығы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген ұлғідегі сертификат және (немесе) үміткердің бірегей деректері бар ұлттық бірынғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін растайтын Ұлттық тестілеу орталығының ресми сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.1.1.7 Университет басшының немесе оның міндетін атқаруши тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына Университет басшысы, проректорлар, Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 7 из 53</b>
--	---	----------------------

құрайды. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университет басшысы болып табылады. Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиясының жаупты хатшысы тағайындалады.

#### **4.1.2.1 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды қабылдау және өткізу тәртібі**

4.1.2.2 Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру салалары бойынша окуга қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

4.1.2.3 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды үйімдастыру және өткізу үшін Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы проректордың шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына Университеттің, қоғамдық үйімдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына мәдениет және спорт саласындағы жергілікті үәкілетті органның өкілдері кіреді. Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

4.1.2.4 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу білім бағдарламалары топтары бойынша осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихандар тапсыруши Университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжатын (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 сантиметр көлеміндегі 2 фотосуретін;
- 3) жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 4) ҰБТ сертификатын (бар болса);

1) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35- бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

4.1.2.5 Университетке шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілерден өтініштерді қабылдау 20 маусым мен 10 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы реңсі жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5) 4.1.2.6 Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың үқсас бағыттары



бойынша тұсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады. Осы ереженің 2-қосымшасында сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

4.1.2.7 Университетке "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша, оқуға тұсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға тұсу үшін арнайы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 24 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

4.1.2.8 Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға тұсуші адамдар Университетте шығармашылық емтиханды тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына тұсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына оқуға тұсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

4.1.2.9 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына оқуға тұсуші адамдар Университет қабылдау комиссиясы өткіzetін бір арнаулы емтихан тапсырады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша Университетке оқуға тұсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша тұсуші адамдар үшін жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

4.1.2.10 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейді және қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

4.1.2.11 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) Университет қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға тұсушілердің назарына жеткізіледі және университеттің ресми интернет-ресурсында жарияланады.

4.1.2.12 Оқуға тұсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын қуәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

4.1.2.13 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға тұсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық параптты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

4.1.2.14 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға тұсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға тұсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға тұсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024**

**№ 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.2.15 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы



хаттамасымен рәсімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

4.1.2.16 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

4.1.2.17 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру салалары бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша түсушіге арнаулы емтихан тапсыру орнына қарамастан ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – КР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021**

**№ 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.2.18 Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы проректордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағасын қосқанда тақ саннан тұрады.

4.1.2.19 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

4.1.2.20 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысуышы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тен болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысуышы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

4.1.2.21 Меншік нысанына қарамастан ЖЖОКБҰ республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін және (немесе) ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға оқуға қабылдау үшін қосымша, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның қорытындысын қосымша, арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Үлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023**

**№ 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **4.1.3.1 Оқуға қабылдау тәртібі**

4.1.3.2 Университетке қабылдау үшін көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті берушіге (Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы ереженің 3-қосымшаға сәйкес "Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 10 из 53</b>
--	---	-----------------------

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат (4-қосымша) беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түсken сәтten бастап ұсынылған құжаттардың толықтырын тексереді және құжаттар толық болмаган жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын құнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы көрсетілетін қызметті алушыны Университет студенттерінің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4.1.3.2-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

4.1.3.2-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органдың атына келіп түсken көрсетіletіn қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетіletіn қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4.1.3.2-3. Түсушілерді қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оку үшін Университет студенттері қатарына қабылдау Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен Университеттің қабылдау комиссиялары құнтізбелік жылғы 20 маусым мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

4.1.3.3 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас

	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 11 из 53</p>
--	--	-----------------------

бағыттары бойынша тусушілерді қоспағанда, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндер комбинациясы сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар Университетке қундізгі оқу беліміне ақылы негізде қабылданады.

Университетте академиялық оқу кезеңі аяқталғаннан кейін осы тұлғалар жыл бойы ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыншай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген мерзімде тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған адамдар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша университеттен шығарылуға жатады.

[Ескерту. 34-тармак жана редакцияда – КР Ғылым жөне жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 \(алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі\) бұйрығымен.](#)

4.1.3.4 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алған адамдар куәлікте көрсетілген Университетке қабылдау жөнінде өтініш береді және Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

Жоғары білімнің шығармашылық білім беру бағдарламаларының топтары бойынша білім беру гранты иегерлері өздері шығармашылық емтихан тапсырған Университетке қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түсken Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

4.1.3.5 № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі Университеттің басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білімді ұйымдардың бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығы кезеңінде жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш (3-қосымша) береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін оқуға тусушілер осы Үлгілік қағидалардың 33-тармағында белгіленген тізбеке сәйкес құжаттарды тапсырады.

4.1.3.6 Осы ереженің 4.1.1.4-тармағында көзделген ҰБТ-ның нәтижелері бойынша осы ереженің 4.1.1.3-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы ереженің 4.1.2.4, 4.1.3.2, 4.1.3.5, 4.1.3.6-тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға тусушіден құжат қабылдамайды.

	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 12 из 53</p>
--	--	-----------------------

4.1.3.7 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты немесе нысаналы трансфертер шеңберінде республикалық бюджеттен тұсken қаражат есебінен білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар Университетке қабылдау жөнінде өтініш береді және Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы проректордың бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

Осы Университетте шығармашылық емтихан тапсырып, жоғары білімнің шығармашылық білім беру бағдарламалары топтары бойынша білім беру грантын тағайындау туралы куәлік иегерлері атанғандар осы Университетке ғана окуға қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде окуға тұсken Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

4.1.3.8 №204 бұйрықпен белгіленген мерзімде ағымдағы жылы ҰБТ тапсырған және осы Ережелердің 4.1.1.3 тармағында белгіленген шекті балды жинаған орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының тулектері Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы проректордың атына орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.

Орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғаннан кейін окуға тұсушилер осы Ережелердің 4.3.2 тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

4.1.3.9 Осы Ереженің 4.1.1.4 тармағында көзделген ҰБТ-ның нәтижесі бойынша осы Ереженің 4.1.1.3 тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар Университет ректорының немесе оның міндетін атқарушы проректордың атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.(3-қосымша)

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Ережелердің 4.1.2.4, 4.1.3.2 тармақтарында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы окуға тұсушиден құжат қабылдамайды.

4.1.3.10 Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік білімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

4.1.3.11 Окуға тұсуши екінші деңгейдегі банктер берегін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде Университеттің студенттері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты окуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

4.1.3.12 Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды күеландырылған аудармасы болуы тиіс.

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 13 из 53</b>
--	---	-----------------------

Шетелдік білім беру үйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар окуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

4.1.3.13 Университет менишік нысанына қарамастан, қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға университетке студенттерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады

4.1.3.14 Қабылдау комиссиясы Университет ректорының бұйрығымен білім алушылар қатарына қабылданған білім алушылардың жеке іс - құжаттарын студенттік кеңсеге өткізу-қабылдау актісімен өткізеді(6-қосымша ).

## **4.2 БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ**

### **4.2.1 Жалпы ережелер**

4.2.1.1 Осы Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Зан)

5-3-бабының 9) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заны) 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Ғылымжәне жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының

22) тармақшасына сәйкес әзірленді және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдау және " Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарына құжаттар қабылдау және окуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындаиды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а.**

**27.10.2023 № 547 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Магистратураға шетелдіктерді оқыту ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

4.2.1.2 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша шетел азаматтарын окуға қабылдау Университеттің академиялық күнтізбесіне сәйкес күнтізбелік жыл бойы жүргізіледі. Университетке шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткіzetін әнгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткіzetін әнгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарының жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық

	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 14 из 53</p>
--	--	-----------------------

күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.**

4.2.1.3 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заннамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қантардағы №8 бүйрекімен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5135 болып тіркелген) Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау қағидаларына сәйкес танылады немесе нострификацияланады.

4.2.1.4 Құжаттарды қабылдау және тұсу емтихандарын өткізу ұйымдастыру үшін Университетте қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Университет басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі Университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бүйрекімен бекітіледі.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ және/немесе тұсу (шығармашылық) емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) араб тілінен тұсу емтиханын және (немесе) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу ұйымдастыруды жүзеге асырады.

4.2.1.5 Университет магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

Магистратураға түсушілер үшін араб тілінен тұсу емтиханы және шығармашылық емтихандар ЖЖОКБҰ-да келесі мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 16 шілдеден 25 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 21 қарашадан 28 қарашаға дейін.

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қантарға дейін.

4.2.1.5-1. MBA (MBA) білім беру бағдарламаларына тұсу емтихандарын өткізу және қабылдау мерзімдерін Университет дербес айқындаиды.

MBA (MBA) білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақылы негізде жүзеге асырылады. Бұл ретте, MBA (EMBA) бағдарламаларына қабылдауды Заның 9-1-бабына сәйкес аккредиттеуден өткен Университет жүзеге асырады.

#### **4.2.2 Магистратураға қабылдау және тұсу емтихандарын өткізу тәртібі**

4.2.2.1 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

4.2.2.2. Магистратураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (Университеттің қабылдау комиссиясы арқылы) немесе [www.gov.kz](http://www.gov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 8- қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары

	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 15 из 53</p>
--	--	-----------------------

бойынша оқыту үшін жоғары оку орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандарт) 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көлтірілген.

Жеке басын қуәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түсken сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтырын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындауды, ол өтініш берушіге порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге Университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін Университет басшысы көрсетілетін қызмет алушыны Университет магистранттардың қатарына қабылдау туралы бүйрек шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

4.2.2-1.Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

4.2.2-2.Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түсken көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 16 из 53</b>
--	---	-----------------------

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

4.2.2.3.Магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, окуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады. Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және окуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады. Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар:

- 1) шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тесттен, окуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ;
  - 2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша екі шығармашылық емтихан тапсырады.
- Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламалары тобының магистратурасына түсуші тұлғалар:

- 1) араб тілі бойынша түсу емтиханын;
- 2) білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және окуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

4.2.2.4.КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ-ны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындастырын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында расталады.

Түсу (шығармашылық) емтихандарын және КТ-ны тапсырган жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар осы ереженің 1-қосымшаға сәйкес өткізіледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандар жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін Университет дербес өткізіледі. Бұл ретте түсушілер шығармашылық емтиханды жоғары оку орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша окуға түсетін Университетте тапсырады.

Магистратурага шығармашылық емтиханды өткізу кезеңінде Университетте шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан комиссиясы құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Университет профессор-оқытушылық құрамының қатарынан комиссия төрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлау

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 17 из 53</b>
--	---	-----------------------

арқылы қалыптастырылады және Университет басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Шығармашылық емтихандарын өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейді және Университеттің қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді.

Шығармашылық емтихандардың кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді және тұсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Шығармашылық емтихан өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына тәрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

Университет күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ шығармашылық емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

Шығармашылық емтиханың нәтижелері бойынша тұсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, Университетке ақылы негізде тұсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

Араб тілінен тұсу емтихандары жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау жүргізетін Университетпен дербес жазбаша түрде өткізіледі. Бұл ретте тұсушілер араб тілінен тұсу емтиханын окуга түсетін Университетте тапсырады.

Араб тілінен тұсу емтиханың өткізу кезеңінде Университетте емтихан комиссиясы құрылады.

Емтихан комиссияларының құрамы тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар Университет профессор-оқытушылық құрамының қатарынан комиссия тәрағасын комиссия мүшелерінің арасынан сайлау арқылы қалыптастырылады және Университет басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Араб тілінен тұсу емтихандарын өткізу бағдарламаларын Университет әзірлейеді және Университеттің қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді.

Араб тілінен тұсу емтихандарының кестесін (емтихан өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізу орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының тәрағасы бекітеді және тұсушілердің назарына құжат қабылдау уақытынан кешіктірілмей жеткізіледі.

Араб тілінен тұсу емтихандары бейне және (немесе) аудиожазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

Араб тілінен емтиханды өткізу қорытындысының баға ведомосы еркін түрде комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді хабарлау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына тәрағаның және барлық қатысқан комиссия мүшелерінің қолы қойылады.

Университет күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда араб тілінен емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қорытынды есепті, сондай-ақ араб тілінен емтихан қорытындылары туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.



Университеттің қабылдау комиссиясы араб тілінен емтиханның нәтижелері бойынша тусушіге араб тілінен емтиханды тапсыру орнына қарамастан, Университетке ақылы негізде тұсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

4.2.2.5. Магистратураға түсестін тұлғалар шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Қағидаларға

1-2-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады: ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prufung;

француз тілі: TFI (Test de Francais International™), DELF (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өндөу және құрылыш саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Қағидаларға 2

-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немесе орыс тіліндегі жағдайларда ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ окуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

"Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде ЖЖОКБҰ-ға қабылданған кезде ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму үйіміна (ЭҮДҮ) мүші мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастырына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тіл" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – КР Ғылым және жоғары білім министрінің 03.05.2024 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 19 из 53</b>
--	---	-----------------------

**4.2.2.6.** Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) Университетке дейін көрсетеді.

КТ, тұсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

**4.2.2.7. Шымкент университетіне жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы бойынша**

**4.2.2.5. тарауындағы шет тілін менгерудің жалпыевропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын бір халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға (магистранттарға) 20% мөлшерінде ақы төлеу жөнделдіктері қарастырылған.**

#### **4.2.4 Апелляциялық комиссия жұмысының тәртібі**

**4.2.4.1** Университет тұсу емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанға дейін КР ФЖБМ және КР ДСМ-ге магистратура білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тұсу емтихандарын өткізуіндік кестесін жібереді.

**4.2.4.2** Тұсу (шығармашылық) емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін Университетте апелляциялық комиссиялар құрылады. Университет апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бүйрекімен бекітіледі.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін, сондай-ақ докторантураға тұсу емтихандарын қарастыру үшін КР ФЖБМ жаңында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы КР ФЖБМ бүйрекімен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары КР ФЖБМ бүйрекімен бекітіледі.

**4.2.4.3** Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия тұсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

**4.2.4.4** магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

Өтініштер тұсу (шығармашылық) емтихандары мен КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Магистратураға тұсу үшін электрондық форматтағы КТ кезінде апелляцияға өтінішті тестілеуге қатысқан тұлға ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы:

- техникалық себептер бойынша тестілеу кезінде;
- мазмұны бойынша тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде береді.

Апелляциялық комиссия әр тұлғамен жеке жұмыс істейді. Тұлға апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

КТ-ны қағаз форматта өткізу кезінде КТ өткізу пунктінде орналасқан апелляциялық комиссия КТ нәтижелерін апелляцияға берген тұлғаға балл қосу туралы шешім қабылдайды. КТ өткізу пункттеріндегі апелляциялық комиссия апелляцияны қарau нәтижелерін Республикалық апелляциялық комиссияға жібереді.

	<p><b>Шымкент университеті</b></p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 20 из 53</p>
--	---	-----------------------

Респубикалық апелляциялық комиссия апелляциялық комиссия ұсынысының негізділігін қарайды және апелляциялық комиссияның ұсынысы келіп түскеннен кейін бір күн ішінде КТ нәтижелеріне шағымданатын тұлғаның өтініші бойынша шешім қабылдайды.

КТ электрондық форматта өткізу кезінде түсуші апелляцияға тестілеу аяқталғаннан кейін 30 минут ішінде өтініш береді. Респубикалық апелляциялық комиссия өтініштердің негізділігін тестілеу өткізілгеннен кейін күнтізбелік 3 (үш) күннен 5 (бес) күнге дейінгі аралықта қарайды.

4.2.4.5 Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын күәландыратын құжатты ұсынады.

4.2.4.6 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия терағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

4.2.4.7 Тұсу емтихандарын және кешенді тестілеуді өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында тұсу емтихандарын қабылдау пункттеріне және Университетке ҚР ФЖБМ өкілдері жіберіледі.

#### **4.2.5 Жоғары оқу орынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларына окуга қабылдау тәртібі**

4. 4.2.5.1 Магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7-қосымшаға (бұдан әрі – 7-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін\_бейінді\_магистратурада тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 7-1-қосымшаға (бұдан әрі – 7-1-қосымша) сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша Қағидаларға 8-қосымшаға (бұдан әрі – 8-қосымша) сәйкес оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау КТ және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша шығармашылық емтихандардың нәтижелері бойынша 7- қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Әр шығармашылық емтиханнан ең жоғары балл саны 35 балды құрауы тиіс. Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратураға ақылы негізде қабылдау араб тілі бойынша тұсу емтихандарының және КТ нәтижелері бойынша 7-қосымшаға

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 21 из 53</b>
--	---	-----------------------

сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілібойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

4.2.5.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) тұсу емтиханының және (немесе) шығармашылық емтихандар бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

1) Магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, окуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл; оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 7-1- қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте окуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

2)Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін 8-қосымшаға сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

3) Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте: шет тілі бойынша – кемінде 25 балл, окуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл және әр шығармашылық емтиханнан - кемінде 7 балл;

4) Араб тілін білуді талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша магистратура үшін 7-қосымшаға сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте араб тілі бойынша – кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, окуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;

4.2.5.3. Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша тұсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы күзіліктер; ғылыми стипендияларды, гранттардың аттестациянда туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар/дипломдар ескеріледі.

4.2.5.4. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар Университет арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы үәкілдегі органдарға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.

Бұл ретте, ең алдымен тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тұсу емтихандары нәтижелерінің неғұрлым жоғары балл алған үміткерлері бар Университет өтінімдері қанағаттандырылады. Аталған білім беру бағдарламасының тобы бойынша үміткерлер болмаған жағдайда, қайта бөлу тиісті жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары топтарының ішінде жүзеге асырылады. Дайындық бағыты бойын

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 22 из 53</b>
--	---	-----------------------

ша үміткерлер

болмаган жағдайда қайта бөлу білім саласының ішінде жүргізіледі. Игерілмеген орындарды қайта бөлу күнтізбелік жылғы 30 қыркүйекке дейін уәкілетті органның бұйрығымен бекітіледі.

4.2.5.. Университет, білім беру және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

#### **4.2.6 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау**

4.2.6.1 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер ЖЖОКБҰ-ға күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

- 1) етініш (еркін нысанда);
- 2) жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) КТ сертификатын және осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда) және білім беру бағдарламалары тобы бойынша (шығармашылық) емтихан тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (бар болған жағдайда) (магистратура үшін);
- 4) тұсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (резиденттура үшін
- 5) шет тілін менгерудің жалпыевропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін менгергенін растайтын сертификат және білім беру бағдарламасының тобы бойынша тұсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);
- 6) енбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);
- 7) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 8) алдын ала іріктеу нәтижелерін ("Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)" білім беру саласы бойынша докторантура үшін) тапсырады.

**Ескерту. 35-тармақ жана редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 24.05.2021 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша тұсу (шығармашылық) емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.



## А ҚОСЫМШАСЫ Танысу парагы



	<p>Шымкент университеті</p> <p>Сапа менеджмент жүйесі Білім алушыларды окуга қабылдау туралы ереже</p>	<p>беті. 25 из 53</p>
--	--	-----------------------

### Шымкент Университетінің ректорына

Азамат (ша) \_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

\_\_\_\_\_  
(мекен-жайы)

турғыны

### ӨТІНІШ

факультетінде  
білім беру

бағдарламасы бойынша күндізгі және қашықтықтан оқыту нысанына окуға  
(керегінің астын сыйып көрсету)

қабылдауызызды өтінемін

Жатақхана қажет, қажет емес (сызып көрсету)

### Озім туралы мәліметтер:

Туған жылы \_\_\_\_\_

Туған жері \_\_\_\_\_

Жынысы \_\_\_\_\_ Ұлты \_\_\_\_\_

ЖСН (ИИН) \_\_\_\_\_

Жеке қуәлік № \_\_\_\_\_

Оқу орнына түсер алдындағы атқарған қызметім мен жалпы еңбек өтілім:

Atқарған қызметім мен орналасқан мекен-жайы:

### Ата-анамның аты-жөні, мекен-жайы, атқаратын қызметі:

Әкем \_\_\_\_\_

Анам \_\_\_\_\_

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	беті. 26 из 53
--	---	----------------

«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.      Өз қолы \_\_\_\_\_

## **ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТИ**

### **ҚОЛХАТ**

Құжаттарды сақтау туралы

Талапкер\_\_\_\_\_

---

Төмендегі құжаттар қабылданды:

1. Жалпы орта білімі туралы атtestat (қосымша) немесе диплом (қосымша)

№ \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

2. Сертификат

3. Фотосурет 3x4 (\_\_\_\_)

4. Жеке күәлік немесе паспорт көшірмесі

5. Өтініш \_\_\_\_\_

6. Келісім шарт \_\_\_\_\_

7. Медициналық анықтама- 075 У, № 063 \_\_\_\_\_

Тапсырған күні «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 202 ж.

**Техникалықхатшы** \_\_\_\_\_

	<b>Шымкент университеті</b> <b>Сапа менеджмент жүйесі</b> <b>Білім алушыларды окуга қабылдау туралы</b> <b>ереже</b>	<b>беті. 27 из 53</b>
--	---	-----------------------

№ \_\_\_\_\_ білім беру кызметін көрсету Шарты

Шымкент к.

«\_\_\_\_\_» 20 ж.

Бір жағынан(бұдан ері қарай **Білім беру ұйымы** деп аталатын), білім беру қызметімен айналысуга құқық беретін №0137423 мемлекеттік лицензия, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің Шымкент университеті атынан Жарғы негізінде ерекет ететін ректор **Сейтқұлов Нұрлыбек Ақынұлы** және азамат \_\_\_\_\_

және/немесе оның уәкілді өкілі \_\_\_\_\_ (бұдан ері «**Білім алушы**» деп аталатын), екінші жағынан, осы Шартты келесі түрде төмендегілер туралы жасасты.

### 1. ШАРТТАҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тапсырады және толейді, ал **Білім беру ұйымы** **Білім алушыға** корытынды атtestatтаудан етуі және білім беру қызметтерін толық етеген арқылы оған тиісті біліктілікті және білім туралы құжатты беру арқылы Қазақстан Республикасының білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сәйкес келетін мамандық бойынша, білім алу нысаны бойынша оку процесін ұйымдастыру және **Білім алушының** білім беру қызметтерін алу бойынша өз міндеттіне алады.

1.2. Таңдан алған оку бағдарламасына сәйкес білім алу:

(*білім беру бағдарламасы, оқытуудың түрі, оқытуудың мерзімі*)

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Білім беру ұйымы езіне мына міндеттерді алады:

2.1.1. Осы Шартка, Осы Шарттың №1 Қосымашының сәйкес **Білім алушының** конкурс корытындысы бойынша (немесе басқа білім беру ұйымынан ауысы арқылы, академиялық қарыздарын отеген жағдайда) ол немесе тапсырыс беруші (өкілі) **Білім беру ұйымының** жылдық төлем сомасынан мөшерінде төлемді беру жағдайында **Білім беру ұйымының** **Білім алушылар** қатарына қабылдау.

2.1.2. Осы Шартты жасау кезінде **Білім алушының** білім беру ұйымының Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясымен, Білім беру ұйымының ішкі қабылдау тәртібін реттейтін тәртіп ережелерімен және білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ оку-тәрбие үдерісін ұйымдастыру жөніндегі негізгі құжаттармен таныстыру.

2.1.3. **Білім алушының** «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Занының талантарына сәйкес даярлауды қамтамасыз ету.

2.1.4. **Білім алушының** оку жүктемесінің қолемін және сабак кестесін қолданыстағы нормативтерге сәйкес үзілістермен анықтау, **Білім алушыға** салауатты, қауіпсіз оку жағдайын жасау.

2.1.5. **Білім беру ұйымдары** кітапхана корының акпараттық қорларына, окулықтарға, оку-әдістемелік кешендер мен оку-әдістемелік құралдарға еркін кол жеткізуіді және оларды пайдалануды қамтамасыз ету.

2.1.6. **Білім алушыға** оку бағдарламалары шенберінде тапсырмаларды орындау үшін **Білім беру ұйымының** басшысы бекітken жекелеген ережелермен қаралған тәртіpte және жағдайларда компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беру.

2.1.7. **Білім беру ұйымының** оку жоспарына сәйкес **Білім алушының** кәсіптік практикандан етуін ұйымдастыру.

2.1.8. **Білім алушының** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген тәртіпте оның өтініші негізінде **Білім алушылар** қатарына қайта қабылдау және окудан шыгару.

2.1.9. **Білім алушының** бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе бір оку нысанынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына «**Білім алушыларды** білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қагидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2015 жылғы 20 қантардағы № 19 **Будырымын** (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №10297 болып тіркелген) (бұдан ері – **Ауыстыру және қайта қабылдау қагидалары**) бекітілген тәртіпте ауыстыру.

2.1.10. Шартты бұзған кезде **Білім алушы** барлық оку мерзіміне алдын ала ақы толеген жағдайда, толенген ақшасын ағымдағы оку кезеңіндегі шығыстарды алып тастау арқылы, оған бүйрүк шыққан сәттен бастап қайтарып беру.

2.1.11. **Білім алушының** оның келісімінен және оку үдерісінен зиян тигізетін когамдық және басқа да тапсырмаларды орындауга тартуға жол бермеу.

2.1.12. **Білім беру ұйымының** ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға еркіті түрде катысуга мүмкіндік беру.

2.1.13. Толық оку курсын ойдағыдан аяқтаған соң және корытынды атtestatтаудан ету нәтижелері бойынша **Білім алушыға** білім алушыларды жалғастыру тәртібінде қадағалауды.

2.1.14. Оку орны тартағылан немесе білім беру қызметі токтатылған жағдайда **Білім алушыға** басқа **Білім беру ұйымында** білім алушыларды ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

### 2.2. Білім беру ұйымы құқылы:

2.2.1. **Білім алушының** осы Шарт пен **Білім беру ұйымының** ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды, сондай-ақ оку тәртібін қадағалауды, **Білім беру ұйымының** оқытуышыларына, қызметкерлері мен **Білім алушыларына** дұрыс ері құрметпен карауды талап етуге.

2.2.2. Оку тәртібін, осы Шарттың Ережелерін, ішкі тәртіп Ережелерін бұзған үшін **Білім алушыға** есер ету шараларын колдануға.

2.2.3. **Білім алушы**дан **Білім беру ұйымының** муліктеріне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін қадағалауды талап етуге. **Білім алушының** ереккеттерінен материалдық заалал келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалыптау келтіруге кеткен шығындардың 10% ақшалай айппулмен орнын толтыруды талап етуге.

2.2.4. Окудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін **Білім алушының** ынталандыруды жүзеге асыруға.



2.2.5. Төтениш жағдайларда оку акысын төлеуге байланысты жеке женілдіктерді қарастыруға.

2.2.6. Оку тәртібін бұзу, білім беру үйімің ішкі тәртіп ережелерін және білім беру үйімің Жарғысын бұзу, шарттың міндеттерін орындамауга, басқа білім беру үйіміна ауысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасымен қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептер Шартты бұзуга құқылы.

### 2.3. Білім алушы міндетті:

2.3.1. ЖОО талаптарына сәйкес осы Шартқа №1 Қосымшада қарастырылған мерзімде, тәртіpte, ережелерде окудың құны мен кесте бойынша уақытылы оку акысын төлеу қажет, соның ішінде қосымша шығындарды отеуге(кайта тапсыруға дайындық, емтихандарды қайта тапсыру, жазғы семестр, академиялық айырмашылық, пререквизиттер, қосымша пәндерді тереңдетілген бағдарламалар бойынша оқыту үшін).

2.3.2. Оку акысын уақытылы белгіленген мерзімде төлемеген үшіншілекмекісінен бағдарламалар бойынша қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептер Шартты бұзуга құқылы.

2.3.3. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының толық көлеміндегі білімді, іскерліктерді және практикалық дағдыларды мемгеру, оку және практикалық сабактарға қатысу. Осы тармақты **Білім алушы** тарарапынан бұзган жағдайда Шарт бойынша **Білім алушының** немесе тапсырыс берушінің төлеменен босату үшін негіз бола алмайды.

2.3.4. Сабактарды жіберген жағдайда ЖОО-ны жазбаша түрде жеті күннің ішінде хабардар етуге. Отбасылық жағдайдың және түйісу акпараттың өзгерулеріне байланысты (мекен-жай, телефон номірі, электрондық пошта және т.б.) ЖОО-ны хабардар етуге.

2.3.5. **Білім алушы** амбулаториялық немесе стационарлық емдеуде болғанда ЖОО-ны жағдай туралы дәлелдейтін күжаттарды кейін корсетіп хабардар етуге.

2.3.6. ЖОО ректорының бұйрық пен өкімдерін, ЖОО Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін және осы Шарттың Ережелерін сактауға және орындауға.

2.3.7. ЖОО-ның мұлкіне ұқыпты қарастыру және оны тиімді пайдалануға, оку үшінжаксы жағдай жасауға қатысуға.

2.3.8. Әскери есеп Ережелерін сактауға.

2.3.9. ЖОО-ның оқытушыларына, қызыметкерлеріне және окуышыларына құрметпен және әдептілікпен қарастыруға.

2.3.10. ЖОО-ның абыройы мен іскерлік беделін құрметтеу, оның имиджін қаралауға бағытталған акпаратты таратпауға.

### 2.4. Білім алушы құқылы:

2.4.1. ЖОО ректоры бұйрығының негізінде **Ауыстыру және қайта қабылдау қагидалары** бойынша орнатылған тәртіппен окудың бір түрінен екінші түріне, білім берудің бір үйімінан екіншісіне, бір оку бағдарламасынан екіншісіне ауысуға, сондай-ақ акылы окудан мемлекеттік тапсырыс бойынша (мемлекеттік грантқа) ауысуға.

2.4.2. Қосымша төлемеңкіншік мемлекеттік стандарттан тыс қосымша білім қызметтерін алуға.

2.4.3. Кітапханалар мен оку залдарының базасында оку, оку-әдістемелік әдебиеттерге кол жеткізуға және пайдалануға.

2.4.4. Студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға.

2.4.5. ЖОО шешімі бойынша окуды жеке оку жоспар мен жеделдетілген бағдарламалар негізінде жүргізуға және жогарыда аталған мүмкіндіктерді осы Шартқа Қосымша келісім ретінде бекітуге.

2.4.6. **Ауыстыру және қайта қабылдау қагидалары** бойынша ЖОО-ға қайта қабылдануға.

### 3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТИНІҢ АҚЫ ҚӨЛЕМІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

3.1. Кредиттің құны, мөлшері, белгіленген мерзімде теңгемен толенеді және әр жыл сайын ЖОО ректоры бекітеді.

3.2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес окудың төлемакысы ЖОО ректорының бұйрығымен өзгеруі мүмкін, сондай-ақ оку акысы нормативтік актілерді шыгарған жағдайларда өзгеруі мүмкін. Олар елеулі түрде ережелерді, білім беру қызметінің шығындарын өзгертеді, енбекақысын және инфляцияны жоғарлатады, бірақ оку акысының 1 академиялық жылда өзгеруі бір реттен аспауды қажет.

3.3. Оку акысының сомасы өзгерген жағдайда осы Шартқа қосымша келісімдер жасалады.

3.4. Бір оку бағдарламасынан екіншісіне немесе қайта қабылданған жағдайда акыны қайта қабылданған сәтке жүргізіледі. Тиісті мамандықта қызыметтерге датасы бұйрық шыққан датасы болып табылады. Ауысу кезінде оку акысы окуға қабылдау бұйрығының датасынан есептеледі.

3.5. Осы Шарттың 1.2. тармагында корсетілгендей **Білім алушы** Шарттың №1 Қосымшасында белгіленген тәртіп пәнмерзімде оку акысын төлейді.

3.6. Кез-келген Тарап ынтастымен Шарт бұзылған сон окудан шыгару туралы бұйрық шыққан датадан бастап білім беру қызметі үшін акы төлеу тоқтатылады. Бұл мерзімге дейін оку акысын төлеу шарттық міндеттері сакталады.

3.7. Білім грантын алғанда, академиялық демалысқа кеткен жағдайларда **Білім алушы** білім грантына ауысу туралы, академиялық демалысқа кету туралы бұйрықтардың шығу датасын дейін оку акысын төлеуге міндетті. Академиялық демалыс мерзімінде оку акысы альнбайды.

3.8. Білім алушы академиялық демалыстан шықкан болса немесе қайта қабылдансаоқ акысын төлеу бұйрықтар шыққан сәтке дейін әрекеттегі тәртіппен және мөлшермен жүргізіледі. Бұл жағдайда білім беру қызыметін корсету Шарттың қосымша келісім жасалады.

3.9. Курс бағдарламасын орындаған және / немесе ауыстыру баллды алмаған үшін Білім алушыға жазғы семестрде қосымша оку акысына пәндерді қайтадан окуға мүмкіндік беріледі. Бұл жағдайда Шартқа қосымша келісім жасалады.

3.10. №1 Қосымша Шарттың ажыратылmas болігі болады және 1 академиялық жылда төлемекі мөлшерін қамтиды және әр келесі жылда қосымша келісім жасап бекітілуге жатады.

### 4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

4.1. Осы Шартта қарастырылған өзінің міндеттерін орындаған немесе тиісті түрде орындаған үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарымен орнатылған жауапкершілікті артады.

4.2. Осы Шарттың №1 Қосымшасында қарастырылған толем мерзімін бұзған үшін әр күнтізбелік құнғе қарыз сомасынан 0,3 % төлем акы есептеледі.

